

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 795 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 шілде N 1014

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Астана қаласында салынып жатқан 240 төсектік аурухана кешенінің мүмкіндігін кеңейту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 795 Р990795\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен экономикалық сараптама жүргізісін және қорытындысын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберсін.";

2) 2-тармақ мынадай сөздермен толықтырылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігінің қорытындысы негізінде" бұдан әрі мәтін бойынша.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.